

Т.Б. Сағымжанова¹, Н.Б. Сағындық¹, Е.Алкая²

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Алматы, Қазақстан

²Фырат университеті, Елязыг, Түркия
E-mail: talshyn_s.95@mail.ru, ealkaya16@gmail.com

«Хұсрау-Шырын» поэмасы және түркі халықтарының эпикалық мұрасы

Аңдатпа. Мақалада ислам мәдениеті кезіндегі түркі өркениеті жетістіктері мен шығыстық классикалық әдебиет үрдісін сабақтастырдық. Шығыстық қисса-дастандарды зерттеуші-ғалым А. Қыраубаева қисса-дастандар хақында олардың тууы мен қалыптасуы тұрғысынан талдай келіп, қисса-дастан жанрының ежелгі әдебиетімізде XIII-XIV ғасырларда туып, XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бірінші жартысында дамып-қалыптасқанын дәлелдейді. Мақаланың негізгі идеясына айналған шығыстық қисса-дастандардың арасынан ең бастысы ретінде «Хұсрау-Шырынды» алғанымызбен, сол дәуірдегі бірқатар еңбектер де талданды. Өйткені, түркі халықтарының эпикалық мұрасын құрайтын тарихтың терең қойнауы бәрімен тығыз байланысты.

Мақаланың негізгі бөлімі шығыстық қисса-дастандар мен ғашықтық жырлар өзіндік стилі мен сюжет дамуы қалыптасқан жанр ретінде тарих қойнауынан нәр алып, XX ғасырдың басына дейін жалғасқан сөз өнерінің үлкен бір саласы екендігін ұғындырады. Қорытынды бөлімде қазақтың терең тарихындағы ғашықтық дастандарындағы ұқсастықтары мен негізін салыстырмалы түрде қарастыра отырып түйін шығарамыз. Әлемдік ғылымның зерттеу нысанына айналған шынайылық пен фольклордың арасындағы байланыстың қаншалықты нығыз орналасқанына қорытынды бөлім нақты анықтама береді.

Түйін сөздер: фольклор, типология, жанр, назирашылдық, ұқсастық, ғашықтық жырлар, дәстүр.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2023-145-99-108>

Кіріспе. Қазақтың сан ғасырлық тарихындағы әдебиеттің ауқымы өте кең. Жүздеген, тіпті, мыңдаған жылдардың қойнауына кеткен ғашықтық жырлардың зерттелуі әлі болсын тереңдеуді талап етеді. Зерттеу барысында түркі халықтарының ұлы мұрасы саналатын фольклордың біртарапты пікірге орныға алмауының өзіндік себептеріне тоқталамыз. Ә.Қоңыратбаевтың «Қазақ эпосы және түркология» оқулығы түркі халықтарының жырларындағы өзара байланыстарды ұғындырса, Қ.Өмірәлиевтің «Көне түркі әдеби ескерткіштері туралы зерттеулер» еңбегі жырлардың таңбалық қасиетін символдармен байналыстырады. Шығыс елдеріндегі біршама жырлардың шығу уақыты мен оқиғасы да сәйкес келетін жағдайлар көптеп келеді. Бір дастанның бір дастанға әсер ететін кездері де болады. «Жүсіп-Зылиқа» дастаны, «Хұсрау-Шырын» дастаны, «Фархад пен Шырын» дастанының арасындағы өзара байланыс осы кезге дейін де қарастырылып келді. Бірақ та, нақты бағасын әлі күнге дейін күтіп жүргенге ұқсайды. Әртүрлі оқиғалардың сарындас келуі тегіннен тегін емес. Оған семантикалық сипат беретін болсақ, талай жыл бұрынғы оқиғалардың осы заманмен байланысын да ұғар едік. Зерттеуші Н. Келімбетов өз еңбегінде былай дейді: «түпнұсқаның жанры мен негізгі ерекшеліктері сақталып отырған. Міне, Құтб ақын «Хұсрау-Шырынды» аударғанда дәстүрлі тақырыпқа шығарма жазудың осы әдісін

шебер қолданған. Ол түпнұсқадағы идея мен сюжетті, мазмұн мен форманы, дастанның көркемдік ерекшеліктерін сақтай отырып, оған өз дәуірінің XIV ғасырдағы Алтын Орда мемлекетінде орын алған әлеуметтік құбылыстарды табиғи түрде енгізе білген»[1, 32]. Низами ақынның айтуы бойынша: «Ұлы ақындар бір-бірінен сөзбе сөз емес, идеялық тұрғыдан көшіріп отырған» [2, 2].

Мақалада қарастырылатын дастандардың барлығы көркем сюжетке, ықшам композициялық құрылымға негізделеді. Алайда, олардың түп – төркіні, мифологиясы көп жағдайда еленбей жатады. Ол туралы терең зерттеу жасаған М.Әуезовті айсак болады. Зерттеуші ғалымның «шыққан ұясы» дегеннің астарында бүгіліп қалған ой, жеткізілмей қалған сөз жатқандай. Мүмкін ойдың толық айтылмауына кеңестік идеологияның ықпалы да болған шығар. Десек те, Мұхтар Омарханұлы ғашықтық дастандардың мифтік негіздерін меңзеген. Кейбір ғалымдар миф ұғымын адамзат дүниесінің сырын білмеген кездегі балалық сананың көрінісі деген пікір айтады. Бірақ бұл пікірді жоққа шығарған ғалымдар да аз емес. Адам санасының дамуында мифтік ойлау жүйесі маңызды рөл атқарады. Соның нәтижесінде мифтік пәлсапа ұғымы пайда болған жоқ па?! Яғни, мифті адамзаттың балалық санасының көрінісі емес, қиялы мен ой ұшқырлығының жетістігі деп қарастырғанымыз жөн.

Түркі халықтарының әдеби бай мұрасы ғасырлардың қойнауынан кең өріс алып, біздің осы заманымызға жеткені бәрімізге мәлім. Түркі тіліндегі шығармалардың осы заманға жеткен айқын тақырыптарының барлығы дерлік кіршіксіз махаббат туралы болды деу жаңсақ пікір болары сөзсіз. Зерттеуші Дербісалиевтің пікірінше: «Қандай халық болсын өзімен-өзі, оқшау тіршілік етпейді. Тұрмыстыққа жеттілік оларды өзге халықтармен, әр түрлі елдермен саяси-экономикалық, әлеуметтік, мәдени қарым-қатынас жасауға мәжбүр етеді» [3, 141]. Өз заманына сай адамзаттың рухани құндылығына қарама-қайшы келетін адами қасиеттер де сол заманның шынайы көрінісіне сай келеді. Ғашықтық жырлардағы махаббат иелеріне жасалынған озбырлық сол кездердің өзінде-ақ жырға айналып халықтың жүрегінен жол тауып отырған. «Фархад-Шырын» ғашықтық дастанындағы Шырынның басынан кешкен қорлығы осының нақты дәлелі. Махаббат пен құлдық сананың арасындағы аражікті ашып көрсетпей, қайта сол замандағы патшалардың қыз баласына деген көзқарасын зәбірлік сипатта суреттеген. Зерттеуші-ғалым Ә.Қоңыратбаев оны өз еңбегінде былай келтірген: «Әрбір жырдың туған заманы, себебі бар. Шығысқа мәлім ұлы махаббат жырлары құлдық, одан қалса феодалдық заманда туған. Рас, жазба қиссаларда сарай, гаремде мыңдап қыз (кәнизек) ұстаған патшалардың әйелге жасаған қиянатын «сүйіспеншілік» деп жырлаған ақындар да болған. Олар әйелдің «адалдығы» дегенді марапаттаған». [4, 218].

Осы тектес шығармалардың да өркендеуі мен шарықтау шегі әртүрлі кезеңдермен сәйкес келсе де, бір сарынды жүйе жүруі мүмкін. Оған осындай тарихи оқиғалардың түрткі болуы әбден мүмкін деген қорытындыға келеміз. Айта кететін жайт, ғашықтық жырлардың атауы да өзге болып, оқиғасы ұқсас болуы мүмкін. Ол жазылған шығарманың ауқымдылығына байланысты. Мысалы, «Хұсрау мен Шырын» дастаны мен «Фархад пен Шырын» дастанының арасындағы байланыс әлі күнге дейін қызығушылық тудырады. Олардың ұқсас шығармалар екенінен бөлек, таным-түсініктің де ұқсастығы айқындалды. Осы тектес шығармалардың өмірге келуі исламға дейінгі әдебиет пен исламнан кейінгі әдебиеттің байланысының айқын көрінісі.

Осындай мәдениетаралық жетістіктерді кеңінен талдауға жету үшін мынадай негізгі міндеттер жүйесі жүйелі түрде қамтылған:

- «Хұсрау-Шырын» ғашықтық жырындағы Шырын бейнесі мен Хұсрау тұлғасын сол кезеңдегі басқа шығармалармен салыстыра суреттеу;
- Ислам мәдениетіне дейін пайда болған жаңа бағыттың әдебиетке әкелген әсерін анықтау;
- Шығармадағы кейіпкерлердің психологиялық жағдайына, рухани әлеміне мәтін арқылы талдау жасау;

- Қазақ әдебиетінің ислам дәуіріндегі эстетикалық өзгерістерге зерттеу жасау;
- Орта ғасырдағы шығарманың көркемдік-эстетикалық құндылықтар жүйесіндегі халықтық дәстүрдің орны мен рөлін анықтау.
- Шығыстық қисса дастандардың табиғатын, олардың зерттелуін негізге ала отырып, образдар жүйесін талдау;
- Әйел бейнесін зерттеудің ғылыми маңызы мен жаңашылдық сипатын ашу;
- Ғалымдардың тақырыпқа ұқсас еңбектерін талқылап, жұмыстарының мән-маңызын анықтау;
- Дастандардағы әйел бейнесінің бірнеше нұсқада, бірнеше кейіпте берілуін талқылау;
- ХХІ ғасырдағы әйел образы мен қисса-дастандардағы әйел образын салыстыра отырып, дастандардың тәрбиелік маңызын айқындау.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу жұмысының тақырыбын ашуда, оны зерттеуде, мәселенің шешімін табуда және мақсатқа қол жеткізуде әдебиеттің өзекті мәселелері мен тарихын зерттеген, зерттеп жүрген білікті әдебиеттанушы ғалымдардың еңбектері мейлінше кең пайдаланылды. Атап айтқанда, З.Қабдолов, М.Әуезов, С.Мұқанов, А.Қыраубаева, П.Бисенбаев, Ү.Субханбердина, Р.Бердібай сынды ғалым-зерттеушілердің еңбектері басшылыққа алынды. Сондай-ақ әдебиет мәселелерін қарастырған орыс, қытай, түркі ғалымдарының зерттеулері пайдаланылып, тиісті тұстарда сілтеме жасалып отырды.

Қиссатану ғылымының зерттелуіне үлес қосқан бірнеше қазақ және әр ұлттық ғалым-зерттеушілердің еңбектері жарық көрген. М.Әуезов, С. Мұқанов, Қ.Жұмалиев, Б.Кенжебаев, Е. Ысмайылов, Б. Шалабаев, М. Ғабдуллин, Х.Сүйіншәлиев, А. Қыраубаева еңбектерінде қисса-дастандардағы жалпы мәселелер сөз болса, оларды танып-білудің маңызы Б.Кенжебаев, З.Ахметов, М.Бөжеев, Ә.Қоңыратбаев, Ы. Дүйсенбаев, М. Ғұмарова, Р. Бердібаевтардың мақаласында кездеседі. Кейіннен Ш.Сәтбаева, С.Қасқабасов, Н.Келімбетов, Ө.Күмісбаев, Б.Әзібаева зерттеулерінде жалғасын тапты. Сонымен қатар, бұл дәуірде қисса-дастандар жинағы да шыға бастаған. Яғни, ескі мұраға деген көзқарас та біршама ғылыми бағытқа ауысып, түзеле бастаған болатын.

Талқылануы. Әдебиетті күрделі өнер дейміз. Бүтін бір дәуірдің айнасы іспеттес. Осы өнерде еркіндікті сезінгендер және ноқталағандар бар болатыны заң. Қай қоғамда да, қай дәуірде де бұл болған құбылыс және бола беретін құбылыс. Оқырманға не болса соны беріп, талғамын төмендетіп, әдебиетті арзандатпауға, құнын түсірмеуге жанашыр жандардың бірі жазушылар. «Суреткер үшін ең үлкен бақыт – халық ұмытпайтындай, халықтың жадында сақталып қалатындай шығарма тудыру» деген екен [5, 131]. Еліміздің тәуелсіздік алуы, тәуелсіздіктен кейінгі қоғамның дамуының тың өзгерістерге ұшырауымен қатар оның адамдар тағдырына әсері әдебиетте көрініп қана қоймай, басты тақырыпқа айналды. Адам мен адам болмысының табиғатын түсіну, рухани дүние мен жан-дүниесіндегі қатпарлы қалтарыстардың сыр-құпиясын ашуға деген талпыныс ұстанымдары туды.

Қазақтың сан ғасырлық әдебиеті бүгінгі күнге дейін сан тараптан қарастырылып, оның ішінде ежелгі дәуір әдебиеті тереңнен зерттелініп келгенімен, ежелгі дәуір әдебиетінің нақты бағасы жаңа кезең әдебиеттануында нақтылана қоймады. Мақала жұмысының нысаны болып отырған ежелгі дәуір әдебиеті кезеңі аясындағы ғашықтық жырлардың адам әлемін тереңнен тануға деген талпынысымен ерекшеленетін туындылар. Қысқа әрі нұсқа келетін, тақырыптық-идеялық тұрғыдан жаңашыл көркем ізденістердің көрініс табуы, адам мен қоғам арасындағы мәселелер, мінез ерекшеліктері және де т.б өмірдің өзегіне айналған жайттар фольклорлық туындылар аясында көтеріліп келеді.

Біздің отарлану дәуіріміздегі әдебиет Абаймен басталды. Аспанды қара бұлт торлап келе жатқан еді. Жау іргеден алған уақытта, әдебиеттің заман ауқымынан шетке шықпайтыны белгілі. Абай шығармашылығында реализмнің негізгі орын алып, тұтас отарлану кезеңінде реализмнің үстемдік алатын себебі де, міне, осында. Біздің отарлану дәуіріндегі әдебиетті тағы да бір тұрғыдан «қарсылық көрсету кезеңіндегі қазақ әдебиеті» деп атауымызға болатын секілді. Жаугершілікте өжет те батыл, батыр бабаларымыз қан майданда өледі. Біреулер қорқып қаруын тастайды, бірақ өмірінің соңына дейін намыстың

отына күйіп өтеді. Енді біреулер жаудың дегенін істей бастайды. Жылап сықтағандар да, құр уайымға салынғандар да болады. Тағы бір тобыры бойсынғанымен қоймайды, сатқын деген атақ алып, жауынан бетер өз жұртына өршелене шабады. Бұл – өмірде ғана емес, әдебиеттегі майданда да кездесетін комплекс.

Бүгінгі күнгі әдебиетімізге келер болсақ, аласапыран кезеңнің әдебиеті деп айтуға тұрарлық деңгейге жетті. Бұл – алдымызда келетін жана эпостық әдебиетке жол салатын дәуір. Сондай кезеңдер эпостар дәуірінің соңғы сатысында да болған. Сыртқы шапқыншылыққа қарсы ту көтеріп, ереуіл атқа ер салған жыраулардың эпостан жырға көшіп, Абай дәуіріне иек артқан поэзиясы дәл бүгінгідей өтпелі кезеңді қалыптастырған еді. Өтпелі дәуірдің айырмашылығы – алғашқы жүйеде сетінген әдебиет жаңа жүйе орнықтыруға ұмтылады. Өнер дегеніміз қожыраған ой мен шашыраған сезімнің жаңа үндестігін табуға талпынады.

Қазіргі қоғамдағы болып жатқан аласапыран кезеңнің есігін ежелгі дәуір әдебиеті де қағып тұр. Мен өзім қазақ әдебиетінің тарихын күллі қаламгерлердің рухани тарихы етіп жазғым келеді. Әдебиеттің дәстүр желісі сонда ғана он көрініс табады деп ойлаймын. Эпостар дәуірінен біздің бойымызда не қалды, неден айрылды деп ойлаймын кейде. Отарлану саясаты кезеңде қандай күй кештік, қандай қасиетімізді бере алдық, шыққан биігіміз нақты қай деңгейде? Ендігі алдағы заманымыздағы мүмкіндігіміз неде? – деген сұрақтарға жауап іздегім келді.

Ендігі заманымыз қалай болғанда да өткенмен байланысты болары анық. Ежелгі дәуірдің ішіндегі ғашықтық дастандардың барлығымен байланысты қайтадан нығайтуымыз тиіс. «Хұсрау-Шырын» жырындағы негізгі идеяларды қазақ поэзиясына да әкелсе, артық етпесі анық. Десе де, сол замандағы түркі халықтарының бойындағы поэзияға деген ұлы сағынышы сезілетін жасырын емес. Ғашықтық жырлардың ішінде олардың барша халықтың мұңы мен мұраты жататыны анық. Осындай жырлар арқылы білдіріп отырған. Демек, бұл да бір саяси құрал. Р. Бердібай «Жүсіп-Зылиха», «Хұсрау-Шырын», «Ләйлі-Мәжнүн» «Таһир-Зухра» сынды іңкәрлік жырларын қазақ эпосы мен мәдениетінен бөліп алуға болмайтынын, бұлардың байырғы қазақ жырларынан еш кем түспейтінін айтады [6, 305].

«Егер қадғұда болсақ йа савүнчда
Кечар давран, қалурбыз біз окүнчда

Егер болсақ қайғыда я сүйініште
Өтер дәурен қалармыз өкініште

Барурбыз дуниадан барча начар
Йігітлікда савінчдін йахшы не бар

Өтерміз дүниеден барша нашар
Жігітлікте сүйініштен жақсы не бар» [7, 8].

Осы жердің өзінен сол замандағы арулар мен жігіттердің арасындағы қарым-қатынастың шекарасын сол кезгі халықтардың таным-түсінігі қалыптастырғанын байқай аламыз.

Одан кейінгі мәселе – әдеби байланыстардың арасында назирашылдық үлгінің кең етек алуы. Бұл түркілік таным-түсініктің ислам мәдениетіндегі шынайы көрінісі және діни рәсімдердің көптігі. Ол туралы атақты ғалым Ю.Б. Боревтің «Эстетика» кітабында былай делінген: «Мәдени тұрғыдан алғанда, мифтің шығу тегі рәсіммен тікелей байланысты, бірақ ол одан кейін де пайда болғандықтан, өз тегінен елеулі айырмашылығы бар» [8, 183].

Бір сюжетке жазылған бірнеше шығарма. Бірақ, барлығы бір уақытта жазылуы мүмкін емес. Арада бірнеше ғасыр, не бірнеше жылдар болуы мүмкін. Мысалы, парсы

халықтарының атақты Низамидің «Хұсрау мен Шырын» шығармасын 2-3 ғасыр салып, түркілердің атақты ақыны Құтб қыпшақ-оғыз тілінде жазып шығарды. Низамидің «Хұсрау мен Шырын» дастаны мен Құтбтың «Хұсрау мен Шырын» дастаны – нағыз назиралық үлгілегі ғашықтық шығарма. Әдебиетте бұндай құбылыстар көптеп кездесіп жатады. Оны Зерттеуші-ғалым Алма Қыраубаева өз еңбегінде былай сипаттайды: «Қыпшақ даласында қыпшақ ақыны Құтбтың «Хұсрау-Шырын» дастаны өмірге келді. XIII ғасырдың соңында үнді шайыры Амир Хосрау Дехлеви Низами поэзиясының желісімен өз поэмасын жазады. Ол Низами туындысының атауын кері айналдырып береді, яғни «Хұсрау мен Шырын» емес, «Шырын мен Хұсрау» және де «Хұсрау-Шырынның» басқа да назиралық нұсқалары бар екенін айта келіп, Жәмидің тек «Хұсрау-Шырынның» кейіпкерлерін алып, ал атауы «Парвиз бен балықшы» деп келетін нұсқасын келтіреді» [5, 343].

«Низами назмы йаңғы туз сөзуңни,
Анын билгут хаңыңға бу өзүңни.

Низамидің өлеңіне ұқсас түздім сөзімді,
Соны білдір ханыңа бұл өзіңді» [4, 8].

Низами заманына дейін де, Құтб заманында да шығарманы билеушісіне арнау үрдісі дамыған. Негізінен алғанда, жалпы сюжет те биліктен қатты алыс емес. Отандас ғалымымыз: ««Хұсрау уа Шірін» поэмасының тілінде қыпшақ тіліне тән қосымшаның, қыпшақ элементі басым» [6, 18], - деген пікір айтса, Н.Баскаков: «Поэmanın тілі – Алтын Орданың әдеби тілдеріне жататын қыпшақ тілі, ол ұйғыр тілінің ықпалына ұшыраған», - дейді [7, 57].

«Хұсрау-Шырын» ғашықтық дастанының қай нұсқасы мен түркі халықтарының бойындағы асыл қасиеттермен қатар сол замандағы жастардың шынайы махаббатына жасалған озбырлықтары мен өктемділіктері көрініп отырады. Әр заманның бойынан табылып отыратын түпсаналық сезімдердің қазіргі таңдағы көрінісі де ертеректен басталған деген ойға келуге болады. Тобырлық сананың шынайы махаббат жолына орасан зор қателіктері сол заманның ішкі бейнесін көрсетеді. Шығармадағы негізі кейіпкер, сұлулықтың символына айналған, ол – Шырын. Тағдырдың бұралаң жолы Шырынның кіршіксіз сұлулығына сызат түсіреді. Қоғамнан бөлек үлкен сезімнің жетегіндегі ойлар Шырынның өмір жолына қиындықтар алып келеді. Хұсраумен басталған махаббаттың Фархадқа ауысқан тұсы жырда өте көркем жеткізіледі. П.Бисенбаев «Хұсрау-Шырын» дастаны турасында жазған мақаласында оқырманды Ташкент маңында хатқа түскен Науаи нұсқаларының бірімен таныстырады. [8, 40].

Ал Низами бұл шығарманың негізгі идеясына тоқталу барысында сол қоғамның ең осал тұсынан ұстағаны анық. Және ол тек «Хұсрау-Шырында» ғана емес «Ләйлі-Мәжнүнде» де кездеседі. Осы екі шығармасындағы адам азаттығы идеясы Низамиді «Хұсрау-Шырын» және «Ләйлі-Мәжнүн» сияқты ғашықтық сарындағы әлеуметтік теңсіздікті қозғаған дастандарын жазуға әкеліп тіреді. «Хұсрау-Шырын» дастанында Низами халық арасынан шыққан Шырын қыздың бейнесін Иран патшаларының опасыздығына, ұсақтығына қарсы қояды. Әкесінің тағынан айрылған Хұсрау Парвиз Дербент қызы Шырынға ғашық болады. Оны қыз да ұнатып, Шабдиз деген атпен іздеп шығады. Бірақ Парвиз Бабыл патшасының қызы Мәриямға үйленіп, Шырынды ұмытады. Фархад атты ұстаның ғашық болуына қарамастан, қыз Парвизден үміт үзбейді. Мәриям өліп, Шырын өзінің сүйгеніне қосылады. Бірақ Мәриямнан қалған Шеруя деген баласы Парвиздің өзін өлтіріп, Шырынды (шешесін) зорлықпен алмақ болғанда, қыз сүйіктісінің моласына барып, өзіне пышақ салып өледі. Шырынға әкесі де, баласы да опасыздық істейді, ал Шырын адал болады. Осы жайларды баяндай келіп бұл жырға бар өнерін салған Низами: «Жүрегі сөнген өлік болмаса, бұл дастанды оқыған кісінің тебіренбеске лажы қалмас» деп жазады. «Нақтырақ айтсақ, миф – алғашқы қоғам адамдарының әлем, дүние, қоршаған орта туралы танымының көрінісі.

Ғылым саласында мифке қатысты айтылған ой-пікірлер де, берілген анықтамалар да өте көп. Бұның өзі мифтің қиын да күрделі жанр екендігінің айғағы», – деген зерттеуші ғалым М.Пірімбетова [9, 80].

Қалай болғанда да, Низамиден басталған «Хұсрау мен Шырын» ғашықтық дастанының ғұмырлы болуының ең негізгі себебі, ол – тақырыптың және идеяның өміршеңдігі. Құтбтың аударған туындысында да бұл негізгі идея сақталған, тек уақыт пен кеңістікке байланысты кейбір тараулар алынып, кейбір тараулар қосылған. Ол Ислам мәдениетімен тығыз байланысты оқиғалар. Шырынның сұлулығынан өзге, бұралаң тағдыры оқиға желісін тым күрделендіріп жіберген. Соның арқасында біз осы заманымызға құнды деректің жеткенін көріп отырмыз. Назирашылдықтың өзіне өміршең әрі көлемді тақырыптың керек екенін бәріміз білеміз. Түркі-парсы елдерінің шығармашылық байланысы орасан зор деңгейде жүріп жатты. Солардың арасынан суырылып шыққан шығармалардың бірі болатын. Шындығына келгенде, патшаның Шырынға деген махаббатының адалдығын жоққа шығара алмаймыз. Десе де, қыз таңдауының да ол заманға сай емес екенінен хабар аламыз. Мысалы жырдағы қолданылған мына мақал-мәтелдерге назар аударайықшы:

«Егер болсақ қайғыда я сүйініште,
Өтер дәурен, қалармыз өкініште»

Немесе

«Өтерміз дүниеден барша нашар,
Жігіткіте сүйініштен жақсы не бар?»

Өмірден бақ пен сорды қатар тартқан адамның сөзінен қарағанда, өкініші көптеу кісінің ішкі монологына ұқсайды. Бұл жолдар Шырынның басындағы ситуациялардан хабар береді. Жалпы алғанда, Шырынның осы өмірдегі ақиқатқа жету жолына үлкен сызат түскені анық, тек оны қай кейіпкердің обалына қалдырамыз қараңғылау. Шығарманың «Хұсрау мен Шырын» емес, «Фархад пен Шырын» деп атау да кездесіп, жатады. Бірақ назирашылдық болғанымен, бұл дастанда Шырынның образы өзгеріске ұшыраған. Соншалықты зынданға тасталып, балалары қорлыққа ұшыраған кейіпте жырдың идеясы өзгертіледі.

«Хұсрау - Шырын» дастанында ақын адам азаттығын әлі жалпылап айтса, «Ләйлі-Мәжнүнде» неке теңсіздігін ашық жырлайды. Бүкіл шығыс елдеріне мәшһүр «Ләйлі-Мәжнүн» сюжетін салалы дастан түрінде әлемге тұңғыш рет таратқан ақын - Низами. Жырда екі жастың адал махаббатына, азаттығына, әлеумет тәртібі орнатқан еріксіз неке айыпты болады. Сол үшін бұл екі қаһарман өз заманының әлеуметтік тәртібіне қарсы шығып, мерт болады. Адам азаттығын жырлаған бұл екі туынды Низамидің реализм жолындағы ірі табыстары. Оның қаһармандары дүниеге сыймаған алып та күрескер адамдар.

Тарих ити йуз йыл сексен бешинде
Сафер айының иігірми бешинде

Иол үзрә ни болса битидим китаб.
Хатымны заиф тип қылмағыл итаб [7, 8].

Жолма-жол аудармасы:

Тарих жеті жүз сексен бесінші жыл
Сафер айының жиырма бесінде.

Жол үстінде болсам да кітапты жаздым.
Жазғанымды нашар деп сөкпегін.

Шығыс әдебиетін зерттеуші Дунаевскийдің айтуынша, бұл сюжеттің арғы тегі Ассирия заманынан бері келе жатқан көрінеді. Бабыл жазбасында Лилакес (Ләйлі) пен Қистің (Қайыс) сүйіспеншілігі, Саламис баласы Нуфальдің (Нәуфіл) есімі айтылады. Бірақ Бабыл ертегісінде Ләйлі мен Қайыс өлмейді, қосылады. Қайыс кейін Ләйліні тастап, екінші әйелге ғашық болады. Ләйлі қайғырып өледі. Бұл дастанды Низами Ширбан шах Ахситан мен өз баласы Мұхамбеттің тілегі бойынша жазған. Бірақ онысы бүкіл шығыс әдебиетінің қаймағына айналып кеткен. Бүгінде қазақ халқына да ортақ болып отырған осы шығармалардың авторы - Низами, оның творчествосы мен ақындық бейнесі біздің әдебиеттану ғылымымызда жеткілікті дәрежеде зерттелмей жүр. Айта берсек, Низами сияқты ескілікті сынаған, роман эпопеясының тамаша үлгісін жасаған шығыс жұлдызын теріс бағалаушылар да жоқ емес. Оның үлгісін қазақ ғалымдарының арасынан да табуға болар еді. Зерттеуші Ә. Қоңыратбаев: Хұсрау деген жалғыз ұлы бар екен. Хұсрау көп оқып, ер жетіп, әдепті жігіт болыпты. Патша ұлының Шапур деген бір суретші досы бар екен. Бір күні ол Хұсрауға әділ патша Мехинбану және оның жиені сұлу Шырын жайында әңгіме айтып береді [10, 72].

Сонда Хұсрау Шырынға ғашық болып қалады. Мысалы, бір кездері С.Бәйішев жолдас өзінің жазған ғылыми мақалаларының бірінде шығыс әдебиетіне тоқтала отырып, Фердаусиден басқаларының бәрін кертартпа әпенді (мистик) болды деп даурықты. Сол тізімнің ішіне автор әдебиеттегі сыншыл бағыттың өкілдері – Омар Хайям, Низами, Ганжеби, т.б. қосып жіберген. Бір ғана әзербайжан халқы емес, бүкіл совет елі үлкен баға беріп отырған Низами сияқты шығыс алыптарына бұлайша баға беру тым өрескел қателік болар еді. Бүкіл шығыс әдебиетіне ортақ Низами Ганжеби шығармалары мәңгі өмір сүре бермек. Оған берілген бағалар қаншалықты теріс, сорақы болса да, алымды ақын Шолпан жұлдызындай мәңгі жарқырай береді [11, 131]. Оған кәміл сенеміз. Негізінен алғанда, жалпы сюжет те биліктен қатты алыс емес. Отандас ғалымымыз: ««Хұсрау уа Шірін» поэмасының тілінде қыпшақ тіліне тән қосымшаның, қыпшақ элементі басым», - деген пікір айтса [12, 18], Н.Баскаков: «Поэманың тілі – Алтын Орданың әдеби тілдеріне жататын қыпшақ тілі, ол ұйғыр тілінің ықпалына ұшыраған», - дейді [13, 57].

Зерттеу нәтижесі. Ежелгі түркі дүниетанымынан бастау алған әдебиетіміздің туыстас халықтармен қарым-қатынасы дәстүрлі деңгейге дейін көтерілген. Парсы-түркі халықтарының әдебиеттері арасындағы типологиялық ұқсастықтар да осының әсерінен болып отыр. Туыстас халықтар арасындағы байланыстың тарихи-мәдени, эстетикалық, сюжеттік, кейіпкерлік түрі әлі күнге дейін құнды қазынамыз.

Зерттеу жұмысымыздың теориялық негізі ретінде алынған бірқатар еңбектердің ішіндегі, әсіресе, парсы-түркі халықтарының қазынасына айналған «Хұсрау-Шырын» дастаны туралы тың деректер сараланып, Құтб пен Низамидің «Хұсрау-Шырын» ғашықтық жырындағы тың деректерді пайдалана отыра, сол кезеңдегі өзге шығармалармен салыстыру. Кейіпкерлер арасындағы өзара байланыстың суреттелу шеберлігі. Заманның ортақ тақырыптарын зерделей келе тереңірек қорытынды шығару [14, 450].

Мақалада жоғарыда айтылған еңбектердің әрқайсысына сүйене отырып, зерттеу нысанына айналған шығармаға жан-жақты ғылыми-теориялық талдау жасалынды.

Қорытынды. Қорыта келгенде, Құтбың «Хұсрау-Шырын» ғашықтық дастанымен қатар, түркі дүниесіне ортақ мұралардың бәрінде дерлік ұқсас жайттар кездесіп жатады. Ол замандағы уақыт пен кеңістік тұрғысынан алып қарайтын болсақ, қалыпты құбылыс ретінде санай аламыз. Белгілі кезеңдегі оқиғалар, басқа уақыт пен кеңістікке өткенде міндетті түрде формалық болмысы мағыналық өзгеріске ұшырайды. Алайда, аталған оқиғаны әр бағыттан көре алатын ақындар мен қаламгерлер де аз болмаған. Түптің түбінде, біздің зерттеу нысанымызға айналып отырған «Хұсрау-Шырын» ғашықтық дастанының басталуы мен заманмен біте қайнасқан уақытындағы халыққа таралуы әрқалай болып

отыр. Осы тектес шығармалардың жарық көруі, болмаса өзге тілге аударылуы жайдан-жай тарих сахнасынан көрініс таппайды. Оның да өзіндік саясаты, өзіндік шындығы бар. Және әр заман өзіне сай жаңашылдығын қосып отырады. Қоғамнан бөлек үлкен сезімнің жетегіндегі ойлар Шырынның өмір жолына қиындықтар алып келеді. Хұсраумен басталған махаббаттың Фархадқа ауысқан тұсы жырда өте көркем жеткізіледі. П.Бисенбаев «Хұсрау-Шырын» дастаны турасында жазғанмақаласында оқырманды Ташкент маңында хатқа түскен Науаи нұсқаларының бірімен таныстырады [15, 40].

Түркі халықтарының бойындағы рухани артықшылық олардың фольклорында толықтай жазылғаны бәрімізге мәлім. Шығармалардың арасында идеялық ұқсастықтар, мағыналық ұқсастықтар көптеп кездеседі. Ендігі кезекте, осыларды автордың халыққа қалай жеткізгені үлкен мәселе. Ол мәселелер Низами шығармашылығын жан-жақты талғанда тұста толықтай ашылды. Сол замандағы қыз бен жігіттің қарым-қатынасын сипаттайтын шығармаларды толқынымен жазған. Әсіресе, шарасыздыққа құрылған қыз тағдырына Низамидің айтар ойы ерекше орнығады. Осындай түркі халықтарының эпикалық мұраларының мол қазынасы осы күнгі әдебиетіміздің маңызды бір бөлігіне айналды.

Әдебиеттер тізімі

1. Келімбетов Н. Түркі халықтарының ежелгі әдеби жәдігерліктері. – Алматы: «Раритет», 2011. – 432 б.
2. Van Ruymbeke C. (2018). Persian medieval rewriters between auctoritas and authorship: The story of khusrau and shirin as a case-study *Studies in Persian Cultural History*, 12, P. 269 – 292. – URL: https://www.scopus.com/inward/record.uri?eid=2-s2.0.85059765259&doi=10.1163%2f9789004356252_012&partnerID=40&md5=bc0011834ce7deace8742dadb1a0dca0 (Accessed: 10.03.2022).
3. Дербісалиев Ә. Қазақ даласының жұлдыздары. Тарихи-филологиялық зерттеулер. – Алматы: «Рауан», 1985. – 300 б.
4. Қоңыратбаев Ә. «Қазақ эпосы және түркология». - Алматы: «Ғылым», 1987. – 218 б.
5. Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. – Алматы: «Ғылым», 1984. – 272 б.
6. Ежелгі дәуір әдебиеті. Хрестоматия. - Алматы: «Ана тілі», 1991. – 280 б.
7. Құтб. Хұсырау Ширин. - Қазан, 1969. – 487 б.
8. Боров Ю.Б. Эстетика. Оқулық. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2020. – 408 б.
9. Пірімбетова М. Қисса-дастандардың кейбір ерекшеліктері мен қиссатану жанры жайында бірер сөз. – Алматы, 2005. – 237 б.
10. Қоңыратбаев Ә. Көне мәдениет жазбалары. Жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған оқу құралы. – Алматы: «Қазақ университеті», 1991. – 400 б.
11. Бердібай Р. Ғашықтық (романдық) дастан. Бес томдық. – Алматы: «Қазығұрт», 2005. – 464 б.
12. Ибатов А. Құтбтың «Хұсрау уа Шірін» поэмасының сөздігі. - Алматы: «Ғылым», 1974. – 18 б.
13. Баскаков Н. Введение в изучение тюркских языков. - Москва: «Восток», 1969. – 57 б.
14. Қыраубаева А. Түрік әдебиетіндегі оянушылық және нәзира дәстүрінің тууы. Классикалық зерттеулер. – Алматы: «Жазушы», 2012. – 495 б.
15. Бисенбаев П. «Хұсырау-Шырын» дастанының шығыстық нұсқалары. // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – №6.– 2014. – 144 б.

References

1. Kelimbetov N. Turki halyktarynyn ezhelgi adebi zhadigerlikteri [Ancient literary relics of the Turkic peoples] («Raritet», Almaty, 432 p. [in Kazakh]
2. Van Ruymbeke C. Persian medieval rewriters between auctoritas and authorship: The story of khusrau and shirin as a case-study *Studies in Persian Cultural History*, 12, P. 269 – 292. 2018 [Electronic resource]. Available at: https://www.scopus.com/inward/record.uri?eid=2-s2.0.85059765259&doi=10.1163%2f9789004356252_012&partnerID=40&md5=bc0011834ce7deace8742dadb1a0dca0 (Accessed: 10.03.2022).

3. Derbisaliev A. Kazak dalasynyn zhuldyzdy. Tarihi-filologiyalyk zertteuler [Stars of the Kazakh steppe. Historical and philological research] («Rauan», Almaty», 1985, 300 p.). [in Kazakh]
4. Konyratbayev A. Kazak eposy zhane turkologya [Kazakh epic and Turkology] («Gylym», Almaty, 1987, 297 p.). [in Kazakh]
5. Kaskabasov S. Kazaktyn halyk prozasy [Kazakh folk prose]. («Gylym», Almaty, 1984, 272 p.). [in Kazakh]
6. Ezhelgi dauyr adebiati. Hrestomatiya [The literature of antiquity. Anthologies] («Ana tili», Almaty, 1991, 280 p.). [in Kazakh]
7. Kutb. Khusrau Shirin [Kutb. Khusrau Shirin (Kazan, 1969, 487 б.). [in Russian]
8. Borev Yu.B. Jestetika [Aesthetics]. Textbook (Public fund «National Translation Bureau», Almaty, 408 p.). [in Kazakh]
9. Pirimbetova M. Kissa-dastandardyn keybir erekshelikteri men kissatanu zhanry jayinda birer soz [Few words about some of the features of the poems and the genre of kissa] (Almaty, 2005, 237 p.). [in Kazakh]
10. Konyratbaev A. Kone madeniet zhazbalary [Ancient records of culture]. A textbook for students of higher educational institutions («Kazakh Universiteti», Almaty, 1991, 400 p.). [in Kazakh]
11. Berdybai R. Gashykyk (romandyk) dastan. [Love (Romance) poems]. In five vol. («Kazygurt», Almaty, 2005, 464 p.). [in Kazakh]
12. Ibatova A. Kutbtyn "Khusrau ua Shirin" poemasynyn sozdigi [Dictionary of Qutb's poem «Khusrau wa Chirin»]. («Gylym», Almaty, 1974, 18 p.). [in Kazakh]
13. Baskakov N. Vvedenie v izuchenie tjurkskih jazykov [Introduction to the study of Turkic languages] («Vostok», Moscow, 1969, 57 p.). [in Russian]
14. Kyraubayeva A. Turik adebiyetindegi oyanushylyk zhane nazira dasturin tuyy. Klassikalyk zertteuler [Awakening in Turkish literature and the birth of the Nazira tradition. Classical studies] («Zhazushy», Almaty, 2012, 495 p.). [in Kazakh]
15. Bisenbaev P. "Khusyrau-Shyryn" dastanyn shygystyk nuskaalary [Oriental versions of the saga "Khusrau-juice"]. KazUU Habarshysy. Filologija serijasy [Bulletin of KazHU. Philology series], 6, 144 (2014). [in Kazakh]

Т.Б. Сағымжанова¹, Н.Б. Сағындық¹, Е.Алкая²

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби
Алматы, Казахстан

²Университет Фират, Елязыг, Турция

Поэма «Хосров-Ширин» и эпическое наследие тюркских народов

Аннотация. В статье мы связали достижения тюркской цивилизации во времена исламской культуры и тенденции восточной классической литературы. Анализируя восточные любовные поэмы с точки зрения их зарождения и становления, ученый-исследователь А. Кыраубаева доказывает, что жанр любовных поэм зародился в нашей древней литературе в XIII-XIV веках и развивался во второй половине XIX-первой половине XX века. Несмотря на то, что среди восточных любовных поэм, ставших основной идеей статьи, мы получили, прежде всего, «Хосров-Ширин», был проанализирован ряд работ той эпохи. Ведь глубинные истории, составляющие эпическое наследие тюркских народов, неразрывно связаны со всем.

Основная часть статьи показывает, что восточные любовные поэмы как жанр, в котором сложился свой стиль и развитие сюжета, являются большой отраслью словесного искусства, которая просуществовала до начала XX века.

В заключительной части подведем итоги, рассмотрев сходства и основания в любовных поэмах глубокой казахской истории. Заключительная часть дает четкое определение того, насколько тесна связь между подлинностью и фольклором, ставшая предметом исследования мировой науки.

Ключевые слова: фольклор, типология, жанр, аналогия, любовные поэмы, традиция.

T.B Sagymzhanova¹, N.B Sagyndyk¹, E. Alkaya²

¹*Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan,*

²*Firat University, Elazig, Turkey*

The poem Khosrow and Shirin and the epic heritage of the Turkic peoples

Abstract. In the article, we have linked the achievements of the Turkic civilization during the Islamic culture and the trends of Eastern classical literature. Analyzing oriental love psalms from the point of view of their origin and formation, researcher A. Kyraubayeva proves that the genre of love poems originated in our ancient literature in the XIII-XIII centuries and developed in the second half of the XIX-first half of the XX century. Despite the fact that among the oriental love psalms that became the main idea of the article, we received, first of all, Khosrow and Shirin, a number of works of that era were analyzed. After all, the deep depths of history that make up the epic heritage of the Turkic peoples are inextricably linked with everything.

The main part of the article shows that Oriental love psalms, as a genre in which their style and plot development have developed, are a large branch of verbal art that existed until the beginning of the twentieth century.

In the final part, we will summarize the results, relatively considering the similarities and foundations in the love poems of deep Kazakh history. The final part gives a clear definition of how close the connection between authenticity and folklore is, which has become the subject of world science research.

Keywords: folklore, typology, genre, analogy, love poems, tradition.

Авторлар туралы мәлімет:

Сағымжанова Т.Б. – «8D02304 – Әдебиеттану» мамандығының 3-ші курс докторанты, Әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.

Сағындық Н.Б. – ф.ғ.к., аға оқытушы, Әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.

Алкая Е. – ф.ғ.д., профессор, Фырат университеті, Елязыг, Түркия.

Sagymzhanova T.B – PhD student, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

Sagyndyk N.B – Candidate of Philological Sciences, Senior Lecturer, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

Alkaya E. – Doctor of Philology, Professor, Firat University, Elazig, Turkey.